

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

**Қазақстан Ұлы Отан соғысы Иманбаева Дина  
Еркиновна Хромтау қаласы, №3 Хромтау орта  
мектебінің тарих пәні мұғалімі**ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.10.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/61927/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында**

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларды Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстан тарихымен таныстыру; соғыстың басталуы туралы мәлімет беру; Қазақстанның соғыс жылдарындағы маңызының артуы туралы білімді тереңдету, қазақстан-дықтардың жеңіске қосқан еңбекте-тылдағы, майдандағы үлестері туралы мәлімет бере отырып, ерлікке, батырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ.

**Сабақтың көрнекілігі:** Карта, суреттер, тақырыптық рефераттар, сызба – «Со-ғыс жылдарындағы Қазақстанның маңызының артуы», тест сұрақтары, үлестірме.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру сәті. Сәлемдесу, әнұран орындау.**

## **II. Үйге берілген тапсырма бойынша жұмыс.**

1. Оқушыларға топтық тапсырмалар беру.

I-топ. Үй тапсырмасы бойынша түсінік әңгіме.

II-топ. Тест сұрақтарына жауап беру.

III-топ. Тұлғалармен таныстыру. Репрессия құрбандары: Т.Рысқұлов, Ж.Аймауытов, С.Асфандияров, О.Жандосов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов т.б. туралы рефераттар, буклет, суреттер мен жұмыс (үй тапсырмасы бойынша).

IV-топ. Терминологиялық жұмыс.

а) Дислокация (Фр.) diclocation-1. Бейбіт уақытта жаяу әскер мен әскери мекемелердің өз аумақтарында жайғасуы; 2. майданда әскер мен әскери мекемелердің бөлініп орналасуы.

ә) Демилитарландыру – халықаралық шарттың негізінде белгілі бір аумақтағы әскери құрылыстар мен өнеркәсіпті жою, әскери базалар мен әскер ұстауға тыйым салу.

б) Отан соғысы – агрессорлармен болатын бүкілхалықтық, әділетті азаттық күрес (Ресейдегі 1611-1612жж. 1812 ж. КСРО-дағы 1947-1945 жж.).

Сол сияқты: Екінші дүниежүзілік соғыс – 1939 ж. 1 қыркүйек – 1945 ж. 2 қыркүйек; 2 майдан (1944.07.); Квантун армиясы; Сөзсіз тізе бүгу; Керзон шебі; Контрибуция терминдеріне түсінік беру.

## **III. «Кім жылдам?» — ойын.**

а) термин сөздермен таныстыру.

ә) сызбаны толтыру: «Қазақстандағы тоталитаризмнің көріністері».

Диктаторлық жеке билік – тоталитарлық тәртіптің көрініс беру түрлері:

1. Экономиканың шикізаттық бағытта қалыптасуы;
2. Ассимиляциялық саясат. Шынайы егемендіктің болмауы.
3. Концлагерьлер құру. Жаппай қуғын-сүргін жүргізу (3,5 млн. адам азап шекті).

#### **IV. Қорытынды.**

Оқушылардың білімін бағалау.

#### **V. Жаңа сабақпен таныстыру.**

##### **Базалық білім:**

1. 1922 ж. 10 сәуір. Генуя конференциясы. 34 ел қатысты. (1922 ж. 16.04. Ресей мен Германия жасырын келісім жасады).

2. 1924-1925 жж. КСРО-Англия, Франция, Италия, Жапония, Австрия, Нор-вегия, Швеция, Дания, Грекия-дипломатиялық қатынастарды орнатты-оқшау-лануы ұзаққа бармады.

3. 1928 ж. 25 тамызда Парижде Бриан-Келлог пактісіне 49 ел қол қойды.

##### **Фашистік мемлекеттердің көздеген соғысы жоспарлары:**

Жапония-Қытай, Монғолия, Оңтүстік Шығыс Азия, Үндістанда үстемдік етуді көздеді. 1931-1932 жж. Жапония

Қытайда «Қуыршақ мемлекет» құрды.

1933 ж. 27 наурызда Жапония Ұлттар Лигасынан шықты.

Париж конференциясында 1919 ж. 18 қаңтарда құрылған Ұлттар Лигасы Халықаралық қатынастар мәселесімен шұғылданып келді.

Италия 1935 ж. Эфиопияны жаулап алды.

Германия бүкіл Еуропа мен дүниежүзін жаулап алуды көздеді.

1937 ж. «Берлин-Рим-Токио өзегі» одағы құрылды.

1939 ж. Қыркүйек, кеңес-герман «Достық және шекара» бір-біріне шабуыл жасаспау туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім КСРО-ның халықаралық беделіне нұсқан келтіреді. Есесіне Германия екі майданда соғыспау қаупінен құтылады.

Екінші дүниежүзілік соғыс 1.09.1939ж. Польшаны оккупациялаудан басталды. Өз тарихында польша төрт рет бөліске түсті.

Кезек Финляндия мен Прибалтикаға келді.

### **Картамен жұмыс.**

1940 ж. 18 желтоқсанда фашистік Германия «Барбароссо» жоспарын жасады.

Мақсаты:

1. КСРО-ға соғыс ашу.

2. Соғысты 1941 жылдың күзінде аяқтау. Бірнеше рейхкомиссариатқа бөлуді көздеді:

а) Остланд-Белорусь-Балтық

ә) Украина

б) Московия-Ресей

в) Кавказ

г) Орал-Еділ

д) Гросс-Түркістан (Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башкирия, Әзербайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Шыңжаң, Ауғанстанның солтүстігі).

**Фашистік Германияның «Қуыршақ мемлекет» құрудағы көздеген экономикалық-саяси мақсаттары:**

1. Ұлы Германия империясы үшін қуатты шикізат және азық-түлік базасын жасау.

2. Кеңес елін отарға айналдырып, халықтарын құлдыққа салу.

1941 ж. 22 маусымда фашистік Германия КСРО-ға тұтқиылдан соғыс ашты. Ұлы Отан соғысы басталы...

## **VI. Сабақты бекіту.**

1. Оқушылардың тақырып бойынша тапсырмалар орындауы.
2. Тест сұрақтарына жауап беру.
3. Үлестірме сұрақтары бойынша жауаптар алу.
4. Оқушылардың білімін бағалау.



<input type="checkbox"/>	
<input type="checkbox"/>	
<input type="checkbox"/>	
<input type="checkbox"/>	
<input type="checkbox"/>	
<input type="checkbox"/>	
<input type="checkbox"/>	

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.